Еске алу хаты

Қазақстан ғылымы мен білімін ұйымдастырушылардың бірегейі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің құрметті ректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Тоқмұхамед Сәлменұлы Садықов арамызда болғанда бүгін 80 жасқа толар еді.

Тынымсыз еңбек пен үздіксіз ізденістің арқасында оқытушыдан жоғары оқу орнының ректорына дейін жүріп өткен оқытушылық еңбек жолында Қазақстан ғылымы мен білімін дамытуға қомақты үлес қосты.

Тоқмұхамед Сәлменұлы Қазақстанның қазіргі заманғы жоғары мектебін дамыту, оны реформалау, сондай-ақ саяси, тарихи және педагогикалық ғылымының маңызды мәселелері жөнінде жиырмадан аса монографиясын қоса алғанда төрт жүзден астам ғылыми-зерттеу еңбегін жарыққа шығарды.

Оның еңбегін Елбасымыз жоғары бағалады, ол «Парасат», II дәрежелі «Барыс» ордендерімен, сондай-ақ «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Астана», «Гете» медальдарымен және көптеген құрмет грамоталарымен марапатталды.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді,» - демекші, Тоқмұхамед Сәлменұлының жақсы аты мәңгі жадымызда сақталып, ғалым ретінде қалдырып кеткен хаттары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жете беретіні сөзсіз.

К. Мәсімов

Астана
2018 жылғы 26 қыркүйек